



ҚАЗАҚСТАН ҰЛТТЫҚ БАНКІ

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАР

2018 жылғы 29 тамыз

«Kompetenz» сақтандыру компаниясы» АҚ-на сақтандырудың ерікті нысанында жүктерді сақтандыру сыныбы бойынша берілген лицензиядан айыру туралы

Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамызындағы № 174 қаулысымен 2018 жылғы 28 тамызынан бастап «Kompetenz» СК» АҚ сақтандырудың ерікті нысанында жүктерді сақтандыру сыныбы бойынша лицензиясынан келесі негіздемелер бойынша айырылды:

- Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген пруденциялық нормативтердің талаптарын және сақталуға міндетті өзге де нормалар мен лимиттерді бірнеше рет (қатарынан күнтізбелік он екі ай ішінде екі және одан да көп рет) сақтамағаны үшін;

- лицензияның қолданылуы бірнеше рет (соңғы он екі айдың ішінде екі рет) тоқтатыла тұру арқылы көрінген бұзушылықтар үшін.

Қолданыстағы сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын ұзартуды және сақтандыру сыйлықақыларын, сақтандырудың ерікті нысанында жүктерді сақтандыру сыныбы бойынша «Kompetenz» СК» АҚ жауапкершілігінің көлемін ұлғайту көзделетін оларды өзгертуді қоса алғанда, жаңа сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттарын жасасуға тыйым салынады.

«Kompetenz» СК» АҚ сақтандырудың ерікті нысанында жүктерді сақтандыру сыныбы бойынша бұрын жасалған сақтандыру (қайта сақтандыру) шарттары бойынша өзіне қабылдаған міндеттемелерді орындауға міндетті не сақтанушының келісімі болған кезде сақтандыру портфелін беруді жүзеге асыру керек және (немесе) сақтанушылармен жасалған сақтандыру шарттарын бұзуы керек.

Толығырақ ақпаратты БАҚ өкілдері мына телефон бойынша алуына болады:

+7 (727) 704 585

e-mail: press@nationalbank.kz

www.nationalbank.kz